

2018 жылы тіркеуді ұйымдастыру туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімінің 2018 жылғы 7 ақпандағы № 2 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 14 ақпанда № 4613 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 16 бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14881 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Ұлытау ауданының әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. 2018 жылдың 1 сәуіріне дейін Ұлытау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне 2001 жылы туған ер азаматтарды тіркеу ұйымдастырылсын.

2. Осы шешімнің орындалысын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің

міндетін атқарушы

М. Оспанов

"КЕЛІСІЛДІ"

"07" ақпан 2018 жыл

"Қарағанды облысы Ұлытау ауданының

қорғаныс істері жөніндегі

бөлімі" республикалық мемлекеттік

мекемесінің бастығы

Е. Мустағұлов